

«БЕКІТЕМІН»

«Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы» ММ басшысы

И. Чернышёва

2025 ж.



Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы жұмысшы мамандықтары жылын үздік ақпараттық сүйемелдеуге арналған облыстық «Мамандықтар жаршысы» байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында әлеуметтік желіде жұмысшы мамандықтары жылын үздік ақпараттық сүйемелдеуге арналған облыстық «Мамандықтар жаршысы» байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу, қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Байқаудың ұйымдастырушылары «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ, «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ.

1.3 Байқау әлеуметтік желіде үздік контент жасаған оқу орындарын анықтауға бағытталған.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Жұмысшы мамандықтарын насихаттау және қоғамда олардың маңыздылығын арттыру.

2.2 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу.

2.3 Бұқаралық ақпараттық құралдарда, ресми сайтта, әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, жұмысшы мамандықтарын насихаттауға ынталандыру.

3. Байқауға қатысу шарттары

3.1 Байқауға облыстағы барлық ТЖКБ ұйымдары қатысады

3.2 Қатысушы оқу орындары өздерінің ресми инстаграмм парақшаларында жұмысшы мамандықтарды насихаттайтын жазбалар (*баспасөз басылымы, теле, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда*) жариялауы тиіс.

3.3 Жазбаларға #МамандықтарЖаршысы хэштегі қойылуы және @shygys_bilim_basqarmasy, @kasiptik_bilim_beru_ortalygy ресми парақшалары белгіленуі қажет.

3.4 Байқауға 2025 жылдың қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейін жарияланған материалдар қатыса алады.

3.5 Байқауға қатысу үшін колледж өз парақшасында байқауға қатысатыны туралы #МамандықтарЖаршысы хэштегімен жазба (пост) жариялауы керек.

3.6 Колледж ШҚО білім басқармасы (*shygys_bilim_basqarmasy*) мен ШҚО кәсіптік білім беру орталығының (*kasiptik_bilim_beru_ortalygy*) ресми әлеуметтік парақшасына жазылуы міндетті.

4. Бағалау критерийлері

4.1 Жарияланымдардың мазмұндылығы мен креативтілігі (форматтардың алуан түрлілігі мен контентке шығармашылық көзқарас ескеріледі).

4.2 Жазбалардың визуалды сапасы (фото, видео, инфографика).

4.3 Қолданушылардың белсенділігі (лайк, пікір, қаралым, бөлісулер саны).

4.4 Жазбалар саны.

4.5. Бұқаралық ақпарат құралдарын тарту.

4.6 Бағалау 1 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

5. Байқаудың кезеңдері

5.1 I кезең (қаңтар – мамыр) – байқауға қатысушылар бұқаралық ақпараттық құралдарда, ресми сайтта, әлеуметтік желілерде контент жариялайды. Маусым айының бірінші жартысында қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау.

5.2 II кезең (маусым-15 желтоқсан) – байқауға қатысушылар бұқаралық ақпараттық құралдарда, ресми сайтта, әлеуметтік желілерде контент жариялайды. Желтоқсан айында қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау.

6. Байқау комиссиясы

6.1 Байқау комиссиясының құрамына облыстық білім басқармасының өкілдері, әлеуметтік медиа сарапшылары, журналистер және блогерлер кіреді.

6.2 Комиссия мүшелері жарияланымдарды бағалап, жеңімпаздарды анықтайды.

6.3 Байқауға қатысты барлық ақпарат ұйымдастырушылардың ресми парақшаларында жарияланады.

7. Қорытындылау және марапаттау

7.1 Конкурс қорытындысы бойынша колледждер рейтингісі анықталады.

7.2 Рейтинг бойынша жеңімпаздар арнайы комиссияның шешімімен анықталады.

7.3 Байқау қорытындысы 1, 2 кезең бойынша жеке шығарылып 1, 2, 3 орындардың жүлдегерлері анықталады.

7.4 Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ШҚО білім басқармасының дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталады.

Әлеуметтік желіде (инстаграмда) #МамандықтарЖаршысы хэштегі арқылы жарияланымдарды бағалау критерийі:

Әлеуметтік желі (инстаграмм)	Визуалды сапасы, креативтілігі (фото, видео, инфографика)	Тақырып бойынша әр кезеңдегі жарияланымдар саны (қаңтар-мамыр) (маусым – 15 желтоқсан) (ұпай саны 1-5)	Лайк саны (ұпай саны 1-5)	Пікір саны (ұпай саны 1-5)	Репост саны (ұпай саны 1-5)
	Әр сапалы жарияланым үшін 5 ұпай	50-ден жоғары-5 ұпай 30-40 -4 ұпай 20-30 - 3 ұпай 10-20 -2 ұпай 10-нан төмен -1 ұпай	100 лайктан жоғары - 5 ұпай 80-100 лайк – 4 ұпай 60-80 лайк – 3 ұпай 40-60 лайк – 2 ұпай 40 лайктан төмен – 1 ұпай	30 пікірден жоғары -5 ұпай 20-30 пікір -4 ұпай 10-20 пікір -3 ұпай 5-10 пікір -2 ұпай 5 пікірден төмен -1 ұпай * пікірлер мазмұнды болуы керек, смайликтер есептелмейді	20-дан жоғары-5 ұпай 15-20 -4 ұпай 10-15 - 3 ұпай 5-10 -2 ұпай 5-тен төмен -1 ұпай

БАҚ (теледидар, газет, журнал, радио) ақпараттарында, әлеуметтік желіде (инстаграмда) #МамандықтарЖаршысы хэштегі арқылы тақырып бойынша жарияланымдарды бағалау критерийі:

БАҚ	Сюжет	Жаңалықтарға шығу	Спикер ретінде бағдарламаларға қатысу	Газет, журналдардағы жарияланым саны	Радиохабарларға қатысу
	1 - 10 ұпай	1 - 5 ұпай	1 - 10 ұпай	1 - 10 ұпай	1 - 5 ұпай